

Кәсіби оқыту процесінде
пәнаралық байланысты
жүзеге асыру жолдары

Орындаған: Ержигитова В.Ж

Тексерген: Абенова Б.Т

- Кәсіптік оқыту дегеніміз - мақсаты оқушыларды кәсіптік іс-әрекетке дайындау болып табылатын оқыту түрі. Ендеше кәсіптік оқытудың не екенін түсіну үшін «Оқыту» және «Кәсіптік іс-әрекет» атты екі ұғымды анықтап алуымыз керек. Оқыту дегеніміз нәтижесінде оқушы жаңа білім, іскерлік және дағды қалыптастыратын, қабілеттілігін дамытып, іс-әрекеттің жаңа тәсілдері мен түрлерін меңгере алатын үрдіс .
- Кәсіптік іс-әрекет дегеніміз ересек жеке тұлғаның оның тіршілігінің қоғамға пайдалы іс - әрекеті, Кәсіптік іс-әрекет деп әдетте ересек тұлғаның өміршеңдігінің негізі және оның әлеуметтік статусының анықтаушы факторы болып табылатын қоғамдық пайдалы іс-әрекеті аталады.

- Келтірілген анықтаманы былайша түсіндіруге болады. Біріншіден, кәсіптік іс-әрекет тура немесе жанама түрде қоғам мүддесіне қызмет еуі тиіс және оның дамуына әсер етуі тиіс. Екіншіден, егер қоғам қандай да бір адамдардың кәсіптік іс-әрекетіне мұқтаж болса, онда осы адамдарға өмір сүру мүмкіндігін беруі тиіс, олардың еңбекақысын төлеуі тиіс. Қоғам оған үнемі мұқтаж болады. Үшіншіден, кәсіптік іс-әрекет барысында адам өндірістік және әлеуметтік иерархиялық жүйеде орын алады (біріншілеріне бастық болса, екінші біреулерге бағынады). Осы орны адамның әлеуметтік статусын анықтайды, олардың басқа адамдарға әсері деңгейін, қоғамдық өмір және қоғамдық пікірге әсерін анықтайды. Білім беру жүйесі дегеніміз қандай да бір білім дәрежесін алудың потенциалдық мүмкіндігіне ие болуға мүмкіндік беретін оқытудың ұйымдастыру тәсілі. Ендеше, мамандыққа оқыту білім беру үрдісінің бір бөлігі ғана. Сол себепті кәсіптік оқытудың білім беру жүйесіндегі орнын анықтап алу қажет.

- Пәнаралық байланыс – түрлі оқу пәндерінің арасындағы өзара байланысын айқындау шарты және білім беру мен оқыту талаптарының бірі. Пәнаралық байланыстың қазіргі оқыту-тәрбиелеу, білім беру жүйесінде оқушылардың дүниетанымын тереңдете отырып, оқытудың тиімділігін арттыруға көмектесуі ғылыми педагогикалық дәлелдеме ретінде танылады. Оқушылардың әртүрлі пәндер бойынша берілетін теорияларды түсініп-білуі, олардың жалпы ақыл-ойына серпін туғызып, танымдық іс-әрекеттеріне шығармашылық сипат беріп, барлық алынған білімін жүйелейді.

-
- Пәнаралық байланыс педагогика ғылымының көкейкесті мәселе ретінде Қазақстанда, ТМД және шетел ғалымдарының еңбектерінде зерттеліп келеді. ТМД көлемінде Гузеев, Зеер, Беляева, Селевко, Батышев, Думченко, Лернер, Қазақстанда Бисенбаева, Аймағамбетова, Түркменбаев, Будникова, Оразханова, Шолпанқұлова және өзге де ғалымдардың еңбектерінің зерттеу нысаны болып табылады.

Пәнаралық байланыстың құрылымын іске асыру барысында педагогика ғылымындағы көптеген қозғаушы факторларды ескеру керек. оқыту үрдісінде пәнаралық байланысты іске асырудың құрылымдық белгілері мынадай:

- пәнаралық байланысты анықтау мақсаты;

- өзара байланысқа түсетін оқу пәндерін саралап, іріктеп алу;

- байланыс бөлігі немесе бөлігі болған оқу пәндерінің әрқайсысының ерекшелігі;

- пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру жолдары.

Оқу пәндер арасындағы өзара байланыстың болуы – ғылымдар негізін меңгерудің және білім жүйесінің дамуының қажетті шарты.

Диалектикалық көзқарастың қалыптасуы білім мазмұнының барлық құрамды бөліктерінің байланысын талап етеді.

пәнаралық байланыстың маңызына мыналар жатады

Пәнаралық байланыс жан-жақты тәрбие беру жүйесінің барлық салаларын комплексті жүзеге асыруға ықпал жасайды.

Педагогикалық ұжымның барлық іс-әрекетінің бір-бірімен келісімді және демократиялық негізге жүріп отыруына әсер етеді.

Пәнаралық байланыс педагогикалық еңбектің ғылыми негізінде тиімді ұйымдастырылуына көмектеседі.

-
- Қазіргі кезде пәнаралық байланысты жүзеге асырудың мынадай жолдары белгілі: әңгімелесу, тәжірибелік жұмыстар, техникалық құралдарды пайдалану, танымдық есептер құрастыру және оны шешу, метограммаларды құрастыру және шешу, практикалық жұмыстар жүргізу.

-
- ҚР Президентінің 2010 жылы қаңтардағы Жаңа онжылдық –жаңа экономикалық өлеу –Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері атты Қазақстан халқына жолдауында: Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түле экономикалық қажеттіліктермен өзара байланыстырылуы керек, -деген.

Пәнаралық байланысты жүзеге асырудың жолдары. Әр нақтылы міндетті оқу-тәрбие процесі арқылы жүзеге асырылады. Пәнаралық байланыс оқытудың мазмұны, әдістері, оқытудың ұйымдастыру түрлерімен ғана шектелмейді. Ол оқушы мен мұғалімнің оқу-таным іс-әрекетінің бір бөлігі болып саналады.




О.Мұсабеков пәнаралық байланысының функцияларын оқыту процесінде ықпалы бойынша айқындайды:

- Ойын дамытуға ықпал етеді
- Берік білім алуға көмектеседі
- Оқыту үрдісін жеделдетеді
- Дербестігін және танымдық белсенділігін жақсартады.

Зерттеуші мұғалімдерінің пәнаралық байланысты пайдалану мақсаттарын айқындаған:

- Оқушыларды жан-жақты дамытады, ой өрісін кеңейтеді
- Білімінің сапасын арттырады
- Танымдық қызығушылығын қалыптастырады
- Ес пен ойлауды дамытады
- Оқыту үрдісін жеделдетеді
- Зейінін дамытады
- Оқығанның пысықтайды
- Шығармашылығын дамытады
- Қисынмен ойлауды дамытады



Пәнаралық байланыс мәселесін шешуде оқу-тәрбие үрдісіндегі пәнаралық байланыстарды айқындау әдістері мен жүзеге асыру жолдарын іздеуді керек етеді. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың объективті және субъективті екі жағын бөліп көрсетуге болады. объективті жағы оқыту мазмұнын анықтау кезінде көрініс табады және оқу жоспарларын, бағдарламаларын, оқулықтарды, оқу құралдарын және т.б. әзірлеу кезінде ескеріледі. Субъективті жағы тікелей оқыту үрдісінде көрініс табады, яғни оқушыларға қатысты пәнаралық байланысты жүзеге асырудың негізгі тәсілдері мен әдістері қарастырылады.

- “Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі”, – демекші, қазіргі таңда елдің болашақ азаматтарын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі – мемлекетіміздің басты саясатының бірі. Білім мен ғылымның ел дамуына оңтайлы әсер етуі үшін демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Сондықтан ұстаз іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Мұғалім өз білім-білігін, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және жаңа педагогикалық технологияны меңгеруі тиіс

Назарларыңызға рахмет
